

УДК 32.001(574)

**ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ТҮРКИЯ РЕСПУБЛИКАЛАРЫНЫҢ САЯСИ ҚАРЫМ
ҚАТЫНАСТАРЫ (1991-2001)**

Дүйсенова Назерке Есеевна

n.duisenova@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықарлық қатынастар факультетінің 4-курс студенті, Нұр-
Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – А.Б. Шалдарбекова

Қазақстан мен Түркия – ежелден еншісі бір, тамырлас туыс елдер. Арғы тарихта бастауларымыздың, діліміздің бен дініміздің ортақтығы бізді одан әрі жақындастыра түседі.

Қазақстанның тәуелсіз ел атанғанына 20 жыл болды. Сонымен бірге Түркиямен арадағы ынтымақтастық байланыстарымызға да 20 жыл толып отыр. Біздің тәуелсіздігімізді ең алғашқы болып таныған Түркияға деген құрметіміз ерекше. Сол кезден бері екі елдің арасындағы достық қарым-қатынастың желісі үзілген емес. Еліміз егемендігіне ие болған күннен бастап Қазақстан мен Түркия арасында ынтымақтастық пен стратегиялық серіктестіктің негізі берік қаланды.

Қазақстанның Түркиямен қарым-қатынасының негізінде өзара құрмет пен екі халықтың ортақ мүдделері жатыр. Алайда Қазақстан мен Түркия сияқты бір атадан тараған ұлттардың мемлекеті туралы сөз қозғалғанда, екі елдің байланыстарында айрықша рухани мән-мағынаның бар екені хақ. Осы рухани мән-мағына халықтарымыз арасындағы ерекше достық байланыстан нәр алады. Ортақ тарих пен ортақ құндылыққа ие туыстас екі халықтың келешектен күтетін үміттерінің де ұқсас болуы заңды құбылыс.

Осы достық пен бірлікке бастаған тарихи қадам біздің тұрақты қатынастарымыздың берік негізін қалады. Жас тәуелсіз Қазақстанның бойын тіктеп, ел болып қалыптасуына түрік бауырларымыздың қолдауы, ықыласы мен тілеулестігінің жәрдемдескені де даусыз [1, 6-7 б.]. Қазіргі таңда Қазақ және түрік халықтары арасындағы терең тарихи және мәдени байланыстарға сүйеніп құрылған қатынастарымыз өзара түсіністік пен мүдде негізінде даму үстінде. Халықтарымыз арасындағы мызғымас достық Қазақстан-Түркия арасындағы тығыз саяси диалог, тиімді экономикалық және мәдени байланыстардың өзара тиімді стратегиялық серіктестікке айналуына мүмкіндік берді.

Сонау 1992 жылғы 2 наурыздан бастау алған Қазақстан мен Түркия арасындағы дипломатиялық қатынастар осы жылдар ішінде екі бауырлас ел арасындағы достық пен бірлікке негізделген байланыстарға айналып, тұрақтылық сипатындағы стратегиялық әріптестік деңгейіне көтерілді. Сондықтан осы 20 жылдық мерзім ішінде Қазақстанның еңсесін көтеріп, егемен ел болып қалыптасуына тамыры тереңде жатқан туысқан түрік бауырларымыздың қолдауы мен тілеулестігінің ықпал еткені даусыз [3, 45 б.].

Қазіргі таңдағы саясаттануда «Саяси қарым-қатынас» түсінігі маңызды орын алады, өйткені ол сан қырлы саяси байланыстарды зерттейді, қоғамда қалыптасқан қатынастарды, билік қағидаттары мен әр түрлі институттарды қарастырады. Саяси жүйе қоғамның саяси тыныс-тіршілігіндегі билік жүргізу негізін ұйымдастырудың қайнар көзі болып табылады.

Саяси қарым-қатынас - саясатпен айналысатын субъектілердің өзара әрекет етуінің нақты тарихи нысаны. Ол субъектілер арасында саяси қатынастарды белгілі дәрежеде жинақтап ұйымдастырады, саяси қызметті өз үстемдігі арқылы тәртіпке келтіреді, олардың ара-жігін анықтап, шекараларын белгілейді.

Саясат - саяси билік арқылы орталықтан басқарылатын қоғамның тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін, біртұтас организм ретіндегі күрделі құрылым [2, 11 б.].

Негізінде, Қазақстан мен Түркия арасындағы жоғары деңгейдегі саяси байланыстар Қазақстан тәуелсіздігін жарияламас бұрын басталған болатын. Сол кездегі Түркия Республикасының Президенті Тұрғыт Озалдың Қазақстанға тұңғыш сапары 1991 жылғы 14-15 наурызда ұйымдастырылды. Сапар барысында Қазақ Советтік Социалистік Республикасы мен Түркия Республикасы арасында ынтымақтастық келісіміне қол қойылды. Содан соң Түркия Президенті Тұрғын Өзалдың шақыруымен 1991 жылғы 25-29 қыркүйекте Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Түркияға сапары ұйымдастырылды. Бұл өз кезегінде түркітілдес мемлекеттер тарихында президент деңгейіндегі Түркияға алғашқы рет жасалған ресми сапар болды.

Түркия Республикасының Сыртқы істер министрі Хикмет Четиннің Қазақстан Республикасына ресми сапары барысында 1992 жылы 2 наурызда Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасында дипломатиялық қатынастар орнату туралы хаттамаға Алматы қаласында қол қойылды.

Түркияның Елшілігі 1992 жылы 18 сәуірде Алматыда ашылды. Қазақстанның Түркиядағы Төтенше және Өкілетті елшісі Қанат Саудабаев қызметін 20 мамырда бастады.

1992 жылдың 29 сәуір – 1 мамыр аралығында Түркия Республикасының Премьер-министрі Сүлейман Демирелдің Қазақстан Республикасына ресми сапары өтті. Сапар барысында Қазақстан мен Түркия арасындағы екі жақты ынтымақтастықты дамыту мәселелерінің кең ауқымы талқыланып, экономика, инвестиция, көлік, білім және мәдениет салаларындағы келісімдерге қол қойылды.

1992 жылы 28-31 қазанда өткен Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Түркия Республикасына сапары Түркітілдес мемлекеттер басшыларының кездесуімен ұштастырылды.

Сапар барысында Қазақстанның Түркиядағы Елшілігінің ашылу рәсімі өтті. Сондай-ақ Қазақстан мен Түркия үкіметтері арасындағы Түркістан қаласында Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін құру туралы келісімге қол қойылды.

1993 жылы 9-11 сәуірде Түркия Республикасының Президенті Тұрғыт Өзалдың Қазақстан Республикасына ресми сапары өтті. Сапар барысында Т.Өзал Қазақстан Республикасының Жоғарғы кеңесінде және Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде сөз сөйледі.

1993 жылдың 21-22 сәуірінде Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Түркия Президенті Тұрғыт Өзалдың қайтыс болуына байланысты азалы рәсіміне қатысты. 6-7 шілдеде Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Түркияда өткен Экономикалық ынтымақтастық ұйымының саммитіне қатысты.

1-4 қыркүйекте Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі Төлеутай Сүлейменовтің Түркия Республикасына ресми сапары ұйымдастырылды. Сапар барысында Қазақстан мен Түркия арасындағы Консулдық конвенцияға және Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссия құру туралы хаттамаға қол қойылды.

1994 жылы 30 тамыз-2 қыркүйек аралығында Түркия Ұлы Ұлттық Мәжілісінің төрағасы Хусаметтин Жиндоруктің Қазақстан Республикасына ресми сапары ұйымдастырылды.

Осы жылдың 16-19 қазан айында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Түркияға ресми сапары ұйымдастырылды. Сапар барысында Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасындағы достық пен ынтымақтастық шартына қол қойылды. Сондай-ақ екі жақты саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықты жандандыру жөніндегі уағдаластықтарға қол жеткізілді. Сонымен қатар Н.Назарбаев түркі тілдес мемлекеттер басшыларының кездесуіне қатысты.

1995 жылы 12-14 маусымда Түркия Республикасының Президенті Сүлейман Демирелдің Қазақстан Республикасына ресми сапары ұйымдастырылды. Сапар барысында Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті қалашығының іргетасы қаланды, Халықаралық ынтымақтастық және даму жөніндегі түрік агенттігінің өкілдігі ашылды.

1995 жылдың 14-16 тамызда Түркия Республикасының Премьер-министрі Тансу Чиллердің Қазақстан Республикасына ресми сапары өтті. Сапар барысында екі жақты сауда-экономикалық қатынастарға назар аударылып, осы салаларда бірқатар келісімдерге қол қойылды.

1996 жылы 12-18 маусым аралығында Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының төрағасы Өмірбек Байгелдінің Түркия Республикасына ресми сапары ұйымдастырылды. Сапар барысында екі ел парламенттері арасындағы ынтымақтастық хаттамасына қол қойылды.

1996 жылдың 15-17 желтоқсанда Түркия Республикасының Президенті Сүлейман Демирел Қазақстан тәуелсіздігіне орай ұйымдастырылған мерекелік іс-шараларға қатысты.

1997 жылдың 3-7 наурыз аралығында Қазақстан Республикасының премьер министрі Әкежан Қажыгелдиннің Түркия Республикасына сапары өтті.

Осы жылы 13-15 наурызда Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының төрағасы Өмірбек Байгелдиннің шақыруымен Түркия Ұлы Ұлттық Мәжілісінің төрағасы Мұстафа Калемлінің Қазақстан Республикасына ресми сапары ұйымдастырылды. Ал, 9-11 қыркүйекте Түркия Республикасының Премьер-министрі Месут Йылмаздың Қазақстан Республикасына ресми сапары өтті. Сапар барысында екіжақты сауда-экономикалық

катынастарға назар аударылып, «Қазақстан мен Түркия: ынтымақтастықтың келешегі» атты конференция ұйымдастырылды.

1998 жылы 11 мамырда Түркия Республикасының Президенті Сүлейман Демирель Қазақстанда өткен экономикалық ынтымақтастық ұйымының саммитіне қатысты. 9 маусымда Түркия Республикасының президенті Сүлейман Демирел Қазақстанда өткен түркітілдес мемлекеттер басшыларының кездесуіне қатысты.

1998 жылы 14-19 маусымда қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Түркия Республикасына ресми сапары ұйымдастырылды. Сапар барысында екіжақты және көпжақты ынтымақтастық кеңінен талқыланды. Президент Н.Назарбаев Билкент университетінде сөз сойледі және университеттің құрметті профессор атағына ие болды. 28-30 қазанда Қазақстан Республикасының президенті Н.Назарбаев Түркия Республикасының құрылғанына 75 жыл толуына орай ұйымдастырылған мерейтойлық салтанатқа қатысты.

1999 жыл, 19-21 қаңтарда Түркия Ұлы ұлттық мәжілісінің төрағасы Хикмет Четин Қазақстан Республикасының президенті Н.Назарбаевты ұлықтау рәсіміне қатысты. 6-шілдеде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев Анталияда өткен түркітілдес мемлекеттер басшыларының кездесуіне қатысты. 1999 жылдың 18-19 қарашада Қазақстан Республикасының президенті Н.Назарбаев Ыстамбұлда өткен Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық саммитіне қатысты.

2000 жылдың 11-12 маусымда Түркия Республикасының Сыртқы істер министрі Исмаил Жемнің Қазақстан Республикасына ресми сапары ұйымдастырылды. 19-20 қазанда Түркия Республикасының президенті Ахмет неждет Сезердің Қазақстан Республикасына ресми сапары ұйымдастырылды.

Сапар барысында екі ел арасындағы тығыз байланыстарды одан әрі дамытуға көңіл бөлінді. А.Сезер Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде сөз сөйлеп, Түркістан қаласының 1500 жылдығына арналған мерейтойға қатысты.

2001 жылы 28-1 сәуір аралығында Түркия ұлы ұлттық мәжілісінің төрағасы Өмер Езгиннің Қазақстан Республикасына ресми сапары ұйымдастырылды. 26-27 сәуірде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев Түркияда өткен түркітілдес мемлекеттер басшыларының кездесуіне қатысты. 4-ші қазанда Қазақстан Республикасының президенті Н.-ші қазанда Қазақстан Республикасының президенті Н.Назарбаевтың Түркияға жұмыс сапары ұйымдастырылды. Сапар барысында екі жақты ынтымақтастықты одан әрі дамытудың жолдары талқыланды [1, 38-45 б.].

Қорыта келе, түркілік өркениет әлемде тек озық мәдениетімен ғана емес, экономикалық қуатымен де ерекшеленген. Тарихтың терең қойнауынан бастау алып, бүгінгі күнге дейін жалғасын тауып келе жатқан мәңгілік бауырластық байланыстардың осындай жарқын үлгілері мемлекеттеріміздің арасындағы ынтымақтастықтың жаңа кезеңінің дамуына игі ықпал етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан – Түркия: достық пен ынтымақтастықтың 20 жылы. – Анкара: Елма Басым, 2012, 413 б.
2. Жамбылов Д. Саясаттану негіздері: Оқу құралы. – Алматы: Жеті жарғы, 1998, 240 б.
3. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы. – Алматы, 1994, 489 б.
4. Назарбаев Н.А. Ғасырлар тоғысында. – Алматы, 1997, 624 б.
5. Омаров М.М. Интересы Турции в Центральной Азии // Вестник КазГУ. Серия: Современные международные отношения и международная политика. №2, 2007. С.46-49.